

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №1 хаттамасы

23 қыркүйек 2022 жыл

Қатысқандар: бөбекжай басшысы Жетпісова Г.М.

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері

Күн тәртібінде

1. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.

Кеңес мүшесі Балабекова Р.З.

2. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

Кеңес мүшесі Тілеген А.

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша бөбекжай әдіскері Балабекова Р.З. тыңдалды. Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. "Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан" деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз балаларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуге тиіс. Себебі, балалар педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Отыз ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Педагогтің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтердің пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды. Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кенпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаныз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді. Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, оскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұнға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға

топқа басқа адам кіріп келгенде педагогке орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес береді. Бөбекжай ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша бөбекжай кәсіподағының төрағасы Тілеген А. тыңдалды. Педагог ата-аналармен, балалармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Жеке сұрақтармен жалпы алқалық чатқа араластырмау керек. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстану керек. Педагог этикасы – педагог пен бала, ата-анамен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, педагогтер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың нәрменді құраты. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жаслауға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектепке дейінгі ұйымдарды, мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының шешімі:

1. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетін назарға алу.

Орындауға міндетті: педагогтер

Орындау мерзімі: үнемі

2. Педагогтер педагогикалық этика нормалары мен ережелерін үнемі сақтау.

Орындауға міндетті: педагогтер

Орындау мерзімі: үнемі

Кеңес төрағасы:



Ш.Алпысбаева

Хатшысы:



А.Тілеген